

## **Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін мектепте жасалға жағдайлар**

Мектепте ерекше білім алуды қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасалған. Бұл ең алдымен ерекше қажеттіліктері бар бала үшін қолайлы орта. Оған мыналар кіреді:

- мектепке кедергісіз кіру – баспалдақтар, тұтқалар, пандустар, арнайы жабдықталған дәретханалар, есік ойықтары және т.б.;
- заманауи білім беру мектебінің интерьері (көңілді, функционалды интерьерлер);
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар әрбір баланың білім беру қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне бейімделген білім беру бағдарламалары;
- мұғалімдердің инклюзивті тәжірибені енгізуге ұйымдық-әдістемелік дайындығы;
- мұғалімдердің, ата-аналардың және оқушылардың бірлескен оқуға психологиялық дайындығы;
- білім беру процесінің барлық қатысушыларында инклюзивті мәдениетті қалыптастыру.